

**Кейбір ұйымдардың қаржы институттарының акционерлері (қатысушылары) құрамынан шығуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 шілдедегі N 767 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Министрліктер, агенттіктер және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ "Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттерін иелену және пайдалану құқықтары мен жарғылық капиталындағы басым үлестері оларға берілген акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің барлық қаржы институттарының акционерлері (қатысушылары) құрамынан шығуын қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне заңнамада белгіленген тәртіппен барлық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеттері мен жарғылық капиталындағы басым үлестері коммуналдық меншікте болып табылатын ұйымдардың қаржы институттарының акционерлері (қатысушылары) құрамынан шығуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*